ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 07 қараша № 5165-23-00-2/2751 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Ш. Мырзахметов оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «ARSENAL» Жандар Сапарбекұлы Төрекұл

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде тану
2. Тұрақсыздық сомасы 47 555 теңгені өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 109, 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот,**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ARSENAL» Жандар Сапарбекұлы Төрекұл мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ARSENAL» Жандар Сапарбекұлы Төрекұлдан мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 07.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.12.2023, судья Мырзахметов К. Ш., 20.12.2023

Жауапкер жеке кәсіпкер «ARSENAL» Жандар Сапарбекұлы Төреқұлдан Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық сомасы 47 555 (қырық жеті мың бес жүз елу бес) теңге және төленген мемлекеттік баж 1 427 (бір мың төрт жүз жиырма жеті) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш. Мырзахметов**

Сот өндірісі - Судопроизводство - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» «КҰЛЕЛІК ЖҮЙЕСІ»

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 07.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.12.2023, судья Мырзахметов К. Ш., 20.12.2023

5165-23-3-1/3010